



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЭКОНОМИКА СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ

BULLETIN

ECONOMY SERIES

2/1(108) 2015

Оспанбаев Ж.А.,
Байгисиев М.К.

Дж.М. Кейнс тәсіліндең белгісіздік факторы

Мақала Дж.М. Кейнс тәсіліндең белгісіздік факторын талдауға арнаған. Белгісіздік факторы адамдардың өз жинақтарын өтімді формада сақтастырып, инвестициялардың құбылмалы және пайыз көмегімен жинақтар мен инвестиацияларға әсер етуге болмайтынын түсіндіреді. Адамзат тарихында экономиканың прогресі баяу және үзіліспен жүретіндігі белгісіздікпен анықталады. Кейнс сипаттаған драманың барлық, кейіпкерлері азды-көпті дәрежеде болашақ, туралы белгісіз болжамдарға ие және ақшаны иелену арқылы «сақтануға» мүмкіндік беретін маңызды құрал деп санайды. Тауарлар, қызметтер мен инвестиациялар «қолайлы бағалармен» қолжетімді болғаннан кейін де үзақ сақталып, іскерлік белсендерлікке қысым корсететіндігі де белгісіздікпен анықталады. Белгісіздікті сезіну оседі және кемиді, яғни қайсыбір уақытта адамдар болашаққа аса сенімді, басқа уақытта – аса сенімді емес. Жауаптар біз қарастыран Кейнс тәсіліндең белгісіздік факторы, инвестиция, жыныстық сұраныс, жинақтар, құтулер.

Ospanbayev Zh.A.,
Baygisiev M.K.

Uncertainty in the economic theory of J.M. Keynes

Оспанбаев Ж.А.,
Байгисиев М.К.

Фактор неопределенности в экономической теории Дж.М. Кейнса

The article is devoted to the analysis of a factor of uncertainty of the economic theory of J. M. Keynes. The factor of vagueness explains why people keep the economies in a liquid form, why investments are volatile and why by means of rate of percent it is impossible to influence on economies and to the investments. By uncertainty is defined also that fact that on extents of all history of mankind progress of economy goes slowly and falteringly. All the characters of the drama written by Keynes increasingly have vague ideas about the future and believe the possession of money of the important means allowing "to be insured". Uncertainty also explains the fact that the atmosphere is gloomy expectations can be stored for a long time and inhibit economic activity after the goods, services and investments will be available "at a reasonable price." The feeling of uncertainty increases and decreases, in some the periods people are more sure of the future, in others – less. Answers in Keynes's works that we are considering.

Key words: uncertainty factor, investment, aggregate demand, savings, expectations.

Статья посвящена анализу фактора неопределенности экономической теории Дж.М. Кейнса. Фактор неопределенности объясняет, почему люди хранят свои сбережения в ликвидной форме, почему инвестиции волатильны и почему с помощью ставки процента нельзя влиять на сбережения и инвестиции. Неопределенностью определяется и тот факт, что на протяжении всей истории человечества прогресс экономики идет медленно и прерывисто. Все персонажи написанной Кейнсом драмы в большей или меньшей степени имеют неопределенные представления о будущем и считают обладание деньгами важным средством, позволяющим «застраховаться». Неопределенностью же объясняется и то, что атмосфера мрачных ожиданий может долго сохраняться и подавлять деловую активность после того, как товары, услуги и инвестиции станут доступны «по приемлемым ценам». Ощущение неопределенности нарастает и убывает, в какие-то периоды люди более уверены в будущем, в другие – менее. Ответы в трудах Кейнса, которые мы рассматриваем.

Ключевые слова: фактор неопределенности, инвестиция, совокупный спрос, сбережения, ожидания.

ӘОЖ 330.8

*Оспанбаев Ж.А., Байгісіев М.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: zhandos_01kz@mail.ru

ДЖ.М. КЕЙНСТИҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК ФАКТОРЫ

Дж.М. Кейнс теориясында А. Смиттің «нарықтың көрінбейтін қолының» орнын «шарттылықтың көрінбейтін жібі» басқан. Мұның өзі Кейнске адамның мінез-құлқын классикалыш мектепке қарағанда шынайырақ сипаттауға мүмкіндік береді. Жалпыдан жалқыға келістің негізгі мақсаты жеке тұлғаның құлқы мен тапшылықтың материалдық шарттары арасындағы тікелей байланыстың жігін ашып көрсету болған еді. Бүгінгі таңда бұл түсініктердің байланыстылығы мемлекет пен әлеуметтік институттар арқылы расталып отыр.

Кейнс тепе-тендік идеясынан бас тартқан жоқ, бірақ оның түсінігінде тепе-тендіктің жаратылысына табиғи негіз берілуі қажет. Мұндай келістің практикалық нәтижесі бәсекелі экономика «қалыпты» жағдайларда жұмыспен толық қамтуға ұмтылады дейтін көзқарастан бас тарту еді. Кейнс бойынша экономикада әртүрлі «тепе-тендіктердің» болуы мүмкін, бірақ олардың біреуі басқасынан гөрі «табиғилау» болуы мүмкін емес.

Экономикалық болмыстың сипаты, Кейнске сәйкес, белгісіздіктерге толы құбылыстар. Белгісіздік факторы адамдарды өздерінің жинақтарын отімділік (банктердің өз міндеттемелерін уақытылы атқаруы) формасында сақтауға итермелейді. Инвестициялардың өзгермелілігі және жинақтар мен инвестицияларға пайыз мөлшерлемесі арқылы ықпал жасаудың қындығы дәл осы белгісіздік факторымен айқындалады. Адамзат тарихы бойынша экономикалық прогрестің баяу және кідірісті жүруі де белгісіздік факторымен түсіндіріледі. Кейнс келтірген кейіпкерлердің баршасы белгілі бір дәрежеде өздерінің болашағы туралы белгісіздікте болғандықтан ақшалы болуды «сақтанудың» маңызды құралы деп есептейді. Белгісіздік «өндіріс өзіне қажетті сұранысты туыннатады» дейтін Сэй заңын да әлсіретеді. Үрейлі күтупер атмосферасының іскерлік белсенделілікті жаншуы, тауарлардың, қызметтер мен инвестиациялардың «қолайлы бағалар» арқылы қолжетімді болғанға дейін қозгала қоймауы да белгісіздік факторының әсері. Белгісіздік сезімі бірде арта түседі, бірде кемиді; қайсыбір кезенде адамдар болашаққа сенімді, басқа бір уақытта қарама-қарсы сезімдер пайда болады. Сенімділік деңгейі жогарыласа экономика гүлденеді, төмөндесе даму тежеледі.

Кейнс белгісіздік жағдайын бүкіл экономикалық болмысқа

жайып, таратудан аулақ. Белгісіздік, экономиканың өміршендейті мен гүлденуі біздің болашағымызға тәуелді болған жағдайда ғана экономикалық теорияның зерттеу пәнніне айналады. Егер сұраныс күнделікті қажетті тауарлармен ғана шектелген болса, онда экономикалық теорияға белгісіздік түсінігін қарастырудың қажеті де болмас еді. Мұндай жағдайда ауа райы немесе соғыс жағдайы сияқты сыртқы факторлар белгісіздіктің қайнар көзіне айналар еді. Капитализм түсінінде белгісіздіктің экономикалық жүйе туыннадады, өйткені жүйенің өзі капиталдың қорланауы үшін жасақталған «машина» болып табылады. Ал күрделі тауардың пайдалы әсері бірден емес, уақыт өте келе байқалатыны белгілі.

Сонымен байлықты жасау механизмі бір уақытта экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздық қызметін атқарады.

Өзінің негізінде Кейнстиң классикалық мектемпен қол үзуі аталған ілімнен толықтай бас тарту емес еді; мұндағы мәселе мәміле жасаушы экономикалық агенттердің қолындағы ақпарат көлеміне байланысты туыннады. Кейнс негізгі айырмашылықтың тәуекелдік факторлары (оны есептеуге болады) мен белгісіздік (есептеуге болмайды) арасынан байқады. Өзінің «Ікітималдық туралы Трактатында» мәселені келесідей қояды: «Біздің біліміздің әртүрлі деңгейі жағдайында болашаққа қатысты ұтымды құтулер деген неңі білдіреді» [1]. Оның негізгі идеясы статистикалық ықтималдық теориясын терістеп оны логикалық теориямен алмастыруды еді. Логикалық теорияданы ықтималдық – бұл статистиканың емес, логикалық пайымдаулардың функциясы. Ікітималдықтардың статистикалық болуы мүмкін, бірақ ол міндетті емес. Кейнстиң осылайша пайымдаурының өзгешелігі – ол білім көздерін іздестіруде байқау мен бақылауға емес, санаға сенеді, санаға жүгінеді. Оның логикалық ықтималдық теориясы әдетте адамдардың түйсік-түсінігіндегі «ықтимал», «мүмкін», «кім білсін» деген көзқарастарға мейлінше максималды жақындейді. Бұған қарастырылған көзқарастардың тиімдірылған теориясындағы қарастырылған көзқарастарға сактандыру рыноктарына эквивалентті екендігіне сендергісі келеді.

Көптүрлі ықтималдықтардың ішінен Кейнстиң әсіресе белгісіз ықтималдықтар қызықтырады. Олар, әдетте салыстыруға келмейтін аргументтер тоғысында пайда болады.

Жойылмайтын белгісіздіктердің өміршендейті (бар болуы) Кейнстиң эконометриканың пайдалылығы туралы ұстанымын өзгертті. Тәуелді айнымалының болашақ мәнін болжауға мүмкіндік ту-

ғызатын тәуелсіз және тәуелді айнымалылардың арасындағы өзара байланыстарды табу мақсатында статистикалық әдістердің қолдану Кейнстиң құдіктендерді.

Біріншіден, әлдебір параметрлерді табу үшін регрессивті талдауды қолдану, оны шындыққа балау – бұл іргелі қателікке ұрыну. Параметрлер әрдайым жылдан жылға өзгермейді деп жорамалдау негізсіз [2].

Екіншіден, Кейнс сандық модельдерді сыйнады, себебі олар белгілі бір оқиғага құрастырылғандықтан әмбебаптың сипаттан ада болады. «Коэффициенттер мен уақыт интервалдарын тандау еркіндігіне қол жеткізе отырып өткендегі деректердің шектелуі топтамасына салыстырмалы сәйкес формуланы жасап шығаруға болатын шығар. Бірақ бұл сонда неңі дәлелдемек» [3].

Үшіншіден, статистикалық формада көрсетуге мүмкін емес едәуір маңызды факторлар бар, оларды қамтуға тырысу, әдетте жалған дәлдіктерге итермелейді. Бұл арада Эйнштейн пікірін еске түсіруге болады: «Есептеуге тұрарлықтының барлығы бірдей есептеуге келмейді және есептеуге келеттінің барлығымен есептесудің де қажеті жоқ». Кейнс жүк тасымалы көлемі мен темір жолдар торабын пайдалану арасындағы корреляцияны мысалға келтіріп, эконометрикалық талдаудың бірқатар құнды қорытындылар жасауға мүмкіндік беретіні туралы айтады. «Бірақ кредиттік циклдер статистикалық талдау үшін өте күрделі зат болуы әбден мүмкін» [4].

Кейнстиң белгісіздік факторын шегелеуі оның «адамзат драмасына» сезімталдығын айқындаиды. Бұл драманың мәні – кез келген экономикалық прогресске кедергі келтіретін болашақ алдындағы үрей, болашақтың белгісіздігі.

Дж.М. Кейнстиң «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» атақты еңбегінің басты дәлелі жұмыспен қамту көлемі жиынтық сұраныс деңгейіне тәуелді. Экономистің қолында бар аппараттың қолдана отырып, яғни экономиканы құрайтын «ұсыныс» пен «сұранысты» пайдалана отырып жұмыс берушінің қажетті жұмысшыларды жалдауға шығыны (ұсыныс) мен осы сандағы жұмысшылардың өндірғен өнімін өткізуден алынған түсім арақатысы арқылы тұтынушы тиісті баға негізінде өнім көлемін сатып алса және мұның өзі кәсіпкердің де шығындарын ақтаятын болса, онда рынокта тепе-тәндік орнығады. Жиынтық ұсыныс пен сұраныс кисықтары қылышқан нүктесі «тиімді сұраныс» нүктесі болмақ.

Тиімді сұраныс нүктесі толық қамту нүктесімен беттеспеуі де мүмкін екендігін дәлелдеу үшін

Кейнс классикалық дәлелдеулерден бас тартты. Оған дейін ешкім де бүкіл экономикаға қатысты өндірістік теория жасай алмаған болатын. Кейнс “жынтық сұраныс функциясын” (немесе күтілетін кәсіпкерлік табыс) екі компонентке бөледі: тұтынушылық және инвестициялық сұраныс, бұл екеуі бірігіп өндіріс және жұмыспен қамту деңгейін анықтайды. Соның өзінде тұтыну сұраныстың тұрақты элементі болса, инвестиациялар сұраныстың тұрақсыз элементі болып табылады.

Қысқа мерзімді перспективада тұтынуға бейімділікке ағымдағы табыстың тұрақты бөлігі жатады және көп өзгеріске ұшырамайды. Мәселе мұнада, тұтынуға бейімділік едәуір дәрежеде қалыптасқан әдеттерге тәуелді, ал инвестиациялар болса құтулерге тәуелді болып келеді. Кейнс шығарған «психологиялық заңға» сәйкес табыс өссе түскен сайын тұтыну баюға ғана көбейеді, соған қарай табыс төмендегендеге де ол бәсек қысқарады. Тұтыну деңгейінің табыс деңгейінен тұрақтылау болуы жүйеге кейір орнықтылық алып келеді. Бірақ бұл жерде мәселе бар. Егер тұтынуға бейімділік 1-ден кем болса, онда тұтыну мен өндіріс арасындағы айырма инвестиациялармен толықтырылуы тиіс, болмаса жұмыспен толық қамту жүзеге аспайды.

Классикалық теория қолданыстағы пайыздық мөлшерлемеге сәйкес жинақтар инвестиацияға айналады деп ұйғарады. Кейнстиң жаңашылдығының мәні – ол жинақты инвестиациялық қордың бір бөлігі емес, тұтыну қорынан шегерім ретінде қарастырады. Нәтижесінде Кейнс өзінің атақты “құнттылық парадоксын” қысынға келтіріп, қалыптастырыды. «Егер айнала түгел жинақтауға көшсе, фирмалардың саудасы жүрмейді, сондықтан бір мезгілде инвестиациялауға ынта жоғарыламаса өндіріс көлемі қысқарады. Мұндағы жағдайда құнттырақ қоғамға жұмыспен тоғай жағдайда қалыптастырылады» [5].

Инвестиациялар Кейнстың атауында “капиталдың шекті тиімділігіне” тәуелді. Бұл өндіріске арналған тауарларды алу үшін салынған қаражаттың күтілетін табыстылығы. Бұнырынктық пайыз мөлшерлемесімен салыстырады. «Егер капиталдың шекті тиімділігі пайыздық мөлшерлемeden жоғары болса, онда инвестиациялар өседі, егер төмен болса, онда кемиді. Инвестиацияның шамасы жынтық капиталдың шекті тиімділігірынктық пайыз мөлшерлемесіне тендей болатын нүктеге ұмтылады» [4]. “Тұтынуға бейімділік” пен “инвестиацияға ниеттілік” (екі фактордың, капиталдың шекті тиімділігі мен пайыздық мөлшерлеменің қосындысы) есепке алғанда жұмыспен қамту көлемі бір қатарлы анықталады.

Экономистердің көптеген буыны үшін бұл тезис Кейнс теориясының квантэссенциясы болды. Классикалық мектептің экономистерінің пайымдауынша жынтық сұраныс – өндірістің ақшалай құны – күтілетін табысты сатылымдардың төмендедеуіне жедел және икемді бейімделеді де экономиканы жұмыспен толық қамту деңгейінде ұстап тұрады. Кейнс бұл жорамалды абсолютті ақырат ретінде қабылдаудан бас тартты.

Егер инвестиациялар қысқара бастаса экономиканы құлдыраудан қандай құш сақтап қалады? Қысқаша жарап келесідей: қоғамның әл-ауқаты деңгейінің төмендедеуін экономикалық құлдыраудың себептері “инвестиацияға қатысты жинақтардың артығы” токтатады. Егер тұтынуға бейімділік белгілі болса (айталық, ол ағымдағы табыстың 90 пайызына тең), онда арифметиканың қөмегімен (мультипликатор арқылы) біз табыстың ұлғаюы мен қысқаруы жинақтардың инвестиацияларға тенденсінде тоғысқаның көрген болар едік.

Сонымен жынтық сұраныс қалпында, өйткені құтулер де қалпында, яғни жұмыспен қамту да сол күйінде қала береді. Өздігінен туындағын сұрап: қалайша жынтық сұраныс өндірістік қуаттардың жалпы көлемінен кейінде қалады? Неге кейір үақыттарда, тіпті ұзак кезеңдер аралығында рыноктық жүйе жұмыс іздеуішлердің жұмыспен қамти алмайды? “Жалпы теориядан” туындағын жарап келесідей: экономиканың өзін-өзі реттеуші құші оның тепе-тендігін бүзатын деструктивті құштерден әлсіз. Міне, осы жерден бастап белгісіздік факторы сюжеттің басты қозғаушысына айналады. Оның әсерінің негізгі құрбандығы «инвестиацияға ниеттілік» болып шыға келеді.

Инвестиациялардың капиталистік экономикадағы өзгермелі элемент екендігі баршаға мәлім. Классиктердің пікірінше инвестиациялардың өзгермелілігі қысқа мерзімді фактор, сондықтан ешқандай да практикалық маңыздылығы жоқ. Инвесторлардың қателіктері трендтен шамалығана ауытқу, ал тенденцияны инвестиацияның тиімділігін басқарушы іргелі құштер ұстап тұрады деп есептелді. Қысқаша айтқанда, экономика дәстүрлі түрде қатаң циклды және тұрақты деп саналып келді. Кейнс бұған келісken жоқ. Өзінің инвестиациялық үдерісті сараптау механизміне ақша факторын енгізді. Қазіргі экономикада инвестиациялар негізінен қаржы рыноктары – корпоративтар, облигациялар, банктік кредиттеу арқылы жүзеге асырылады. Кейнстиң «Жалпы теориясындағы» он екінші тарауда қаржы рыноктарын

тұрақсыздандыруши күштерді сараптауы – бұл, сөз жоқ 2008 жылғы дағдарысты теориялық тұрғыдан түсіндірудің экономикалық әдебиеттегі ең уздік үлгісі болып табылады.

Кейнс өзіне тән әдеби дарындылықпен инвестор конвенционалдық (шартты, қалай болса солай) пайымдарға сүйеніп “оның бар тәуелділігі – бұл жақын болашақ туралы жаңа ақпараттың пайда болу мүмкіндігі және де ондай ақпараттың пайда болу ықтималдығы аса жогары емес” ...Сейтіп жекелеген инвестор өзінің салымын уақыттың қысқа кезеңдеріне қатысты қадімгідей “сенімді” деп санайды және келесі сондай кезеңдерде де сенімділік сақталады және оның шарттары бұзыла қоймайды деп санайды» [6]. Бұл әдістің кемшілігі – инвестор бір қарапайымғана дәлелді естігісі де, көргісі де келмейді. Бір кезеңнен, ол мейлі өте қысқа болсын – екінші бір кезеңге өтудегі белгісіздіктің аздаған үлесі сы-

зықтық бойынша көбейткенде экспоненциалды артатыны белгілі ғой.

Іс жүзінде кез келген инвестицияның есепті табыстырығы бірқатар жылдар барысында көптеген белгісіз фактордың әсеріне душар болады. Бұл әртүрлі инвестицияларға болашақтағы сұраныстың белгісіздігі туындастын пайыздық мөлшерлеме шамасы, инфляция қарқыны, айырбас бағамының қалықтауы, технологиядағы өзгерістер және т.с.с болуы мүмкін.

Дж.М. Кейнс: “Өзіміздің жеке пікіріміз құнсыз болғандықтан, біз басқалардың пікіріне құлақ асуды қалаймыз, оның естігені, білгені, жалпы ақпараты молдау болуы мүмкін. Яғни біз көпшіліктиң мінез-құлқына немесе орташа мінез-құлқыққа сәйкес болғымыз келеді. Басқаша айтқанда, біз тобыраға ілесе жүтіріп, оның қашан, қайда бұрылыш кететіндігін алдын ала білгіміз келеді”, – деп түйіндейді [6].

Әдебиеттер

- 1 Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Москва: Мысль, 1986. – 300-301-б.
- 2 Скидельски Р. Дж.М. Кейнс: экономист, философ, государственный деятель. Книга 1. – Москва: Московская школа политологических исследований, 2005. – 41-42-б.
- 3 Keynes J.M. A Tract on Monetary Reform. – London: Royal Economic Society, 1971. – 81-82-б.
- 4 Keynes J.M. The end of Laissez faire. – London: Hogarth Press, 1926. – 8-9-б.
- 5 Кейнс Дж.М. Собрание сочинений «The Collected Writings of John Maynard Keynes». – London, 1971. – 289-291-б.
- 6 Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Москва: Мысль, 1986. – 160-161-б.

References

- 1 Keyns Dj.M. Obshaya teorya zanyatosti, procenta i deneg. – Moskva: Mysl, 1986. – S. 300-301.
- 2 Skidel'ski R. Dj.M. Keyns: economist, philosoph, gosudarstvennyi deiatel'. Kniga 1. – Moskva: Moskovskaia shkola politologicheskikh issledovanii, 2005. – S. 41-42.
- 3 Keynes J.M. A Tract on Monetary Reform. – London: Royal Economic Society, 1971. – P. 81-82.
- 4 Keynes J.M. The end of Laissez faire. – London: Hogarth Press, 1926. – P. 8-9.
- 5 Keyns Dj.M. Sobranie sochinenii «The Collected Writings of John Maynard Keynes». – London, 1971. – P. 289-291.
- 6 Keyns Dj.M. Obshaya teorya zanyatosti, procenta i deneg. – Moskva: Mysl, 1986. – S. 160-161.

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Казбеков Б.К., Казбекова Ж.Б.</i>	
Проблемы реализации индустриально-инновационной стратегии Казахстана.....	4
<i>Mukhtarova K. S., Shayedenov Z.A.</i>	
RISK Management in small and medium sized enterprises in the republic of kazakhstan	12
Шеденов Ф.К., Асанова Г.Б. Қазақстанда қолайлы инвестициялық климат құру және инновациялық белсенділіктер арттыру	18
<i>Дәүлетбаев Б.Б., Ишуюва Ж.Ш., Исмаилова И.Х.</i>	
Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тартудың тиімділігін бағалау	24
<i>Джумамбаев С.К.</i>	
Экономика Казахстана на современном этапе развития: проблемы и пути решения	32
<i>Әлжанова Н.Ш., Елеусов А.</i>	
Қазақстан Республикасының білім беру қызметінің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі: проблемалары мен шешу жолдары	42
<i>Байдеметов М.</i>	
Жал есебін қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес ұйымдастыру	48
<i>Оспанбаев Ж.А., Байгісіев М.Қ.</i>	
Дж.М. Кейнсің экономикалық теориясындағы белгісіздік факторы	56
<i>Dzhulayeva A.M., Jambul A.</i>	
State Participation in the Ensuring of the Quality Management in the Enterprises of the Republic of Kazakhstan ..	62
<i>Даулиева F.P., Махсотова М.М.</i>	
Қазақстан банктеріндегі өтімділікті басқарудың жаңа стандарты ретінде Базель III-ті енгізуінді мәселелері және даму жолдары	68
<i>Садыкова С.Т.</i>	
Фьючерсный спред как основной метод спекулирования	76
<i>Альмухамбетова Б.Ж., Изатуллаева Б.С.</i>	
Қазақстандағы шипажай-сауықтыру қызметі нарығының қазіргі жағдайы және даму перспектиvasы	82
<i>Тулешова Г. Б., Табеев Т.П.</i>	
Экономикалық қауіпсіздікті ұлттық басымдылық ретінде қамтамасыз ету: сыртқы және ішкі факторлардың әсері	92
<i>Ахметова З.Б., Аскеров А.А., Хусаинова А.А.</i>	
Концепция имиджа высшего учебного заведения как работодателя	98
<i>Нұрсайтова Г.Б., Акзамбекқызы А.</i>	
Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары	106
<i>Бекешова А.Ш., Дильдебаева Ж.Т., Сайлаубеков Н.Т.</i>	
Эмпирический анализ теории оптимальных валютных зон для стран ЕАЭС	112
<i>Товма Н.А., Плошай А.Г.</i>	
Анализ тенденций развития интернет-маркетинга в Казахстане	120
<i>Онишева И.В., Габдуллин Р.Б.</i>	
Методологические подходы к антикризисному управлению в условиях глобализации национальной экономики	126
<i>Досманбетова А.С., Еспергенова Л.Р.</i>	
Особенности учета налога на прибыль	134
<i>Джазықбаева Б.К.</i>	
Қазақстандағы әлеуметтік қызмет корсету ұйымдарында персоналды қалыптастыру қағидаларының трансформациялануы	142
<i>Читанова С.О., Садуллаева А.П.</i>	
Развитие инновационного предпринимательства в Казахстане: тенденции и перспективы	150
<i>Абдибеков С.У., Беделбаева А.Е.</i>	
Мировые тенденции развития предпринимательской деятельности в экономике зарубежных стран	156
<i>Тленнаев А.М., Зейнолла С.Ж.</i>	
Бенчмаркинг в области энергоаудита для повышения энергоэффективности в Республике Казахстан	164
<i>Акимбаева Қ.Т., Ясын М.Д.</i>	
Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшүдегі қадамдары	170